



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Педагогикалық ережелер (бұдан әрі-Ереже) «Балбөбек» балабақшасы КМҚК үшін 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, (ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесіне, МДҰ Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.2. Білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі (бұдан әрі Педагогикалық кеңес) білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.

1.3. Педагогикалық кеңестің басты міндеттері: білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі педагогикалық ұжымның күшін біріктіру, білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымының қызметін педагогикалық жұмысты және оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруге бағыттау, педагогикалық ғылым мен озық тәжірибелер жетістіктерін практикаға енгізу, тәрбиеленушілердің ауысуына және бітіріп шығуына қатысты мәселелерді шешу болып табылады.

2. Педагогикалық кеңестің құрамы

2.1. Педагогикалық кеңестің құрамына: білім беру ұйымының басшысы (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог және басқа да мамандар кіреді.

2.2. Педагогикалық кеңестің отырысына ата-аналар комитеттерінің мүшелері шақырылады.

2.3. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіледі.

2.4. Педагогикалық кеңестің құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлайды.

3. Педагогикалық кеңестің қызмет тәртібі

3.1. Педагогикалық кеңес:

- 1) Білім беру ұйымдарында нормативтік құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шараларды;
- 2) Тәрбие мен оқыту және әдістемелік жұмыстар жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын ендіруді;
- 3) Тәрбие мен оқыту жұмыстарын жоспарлау мәселелерін;
- 4) Педагогтардың оқу жүктемесін бөлу, тарификацияны бекіту, аттестаттауға дайындау, марапаттау және мадақтау мәселелерін қарайды.

4. Қызметтің ұйымдастырылуы мен құрылымы

4.1. Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін Педагогикалық кеңес отырысында қаралатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.

4.2. Педагогикалық кеңес жылына 5 реттен кем емес жиналады.

- 4.3. Педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарады. Кеңестің кезекті отырысында төраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы баяндайды.
- 4.4. Педагогикалық кеңестің шешімі қарапайым жай дауыс берумен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.
- 4.5. Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен рәсімделіп, оған педагогикалық кеңеске шығарылатын мәселелердің талқылану барысы, педагогикалық кеңес мүшелерінің ұсыныстары және ескертулері жазылады. Хаттамаға кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.Құжаттандыру.

- 5.1. Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, білім беру ұйымының мөрімен және директордың қолымен бекітілген.
- 5.2. Ұйымның Педагогикалық кеңесінің хаттама кітапшасы білім беру ұйымының істерінде 10 жыл сақталады және акті бойынша архивке беріледі.